



Tadjqiqot.uz

XALQARO ILMIY-AMALIY KONFERENSIYA

**SOHA LINGVISTIKASI: TILSHUNOSLIK
VA TIBBIYOT INTEGRATSIYASINING
MUAMMOLARI, YECHIMLARI HAMDA
ISTIQBOLLARI**

**10-NOYABR
2021**

BUXORO, UZBEKISTAN

O‘ZBEKISTON RESPUBLIKASI
OLIY VA O‘RTA MAXSUS TA‘LIM VAZIRLIGI
BUXORO DAVLAT UNIVERSITETI

SOHA LINGVISTIKASI:
TILSHUNOSLIK VA TIBBIYOT
INTEGRATSIYASINING
MUAMMOLARI, YECHIMLARI
HAMDA ISTIQBOLLARI
mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya
materiallari

Buxoro, 10-noyabr, 2021-yil

© Tadqiqot.uz

**MINISTRY OF HIGHER AND SECONDARY SPECIAL
EDUCATION OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN**

BUKHARA STATE UNIVERSITY

**LINGUISTICS OF DIFFERENT
FIELDS:
PROBLEMS, SOLUTIONS AND
PROSPECTS OF LINGUISTICS
AND MEDICAL INTEGRATION**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL
CONFERENCE**

Bukhara, November 10, 2021

**МИНИСТЕРСТВО ВЫСШЕГО И СРЕДНЕГО
СПЕЦИАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
УЗБЕКИСТАН**

БУХАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

**ОТРАСЛЕВАЯ ЛИНГВИСТИКА:
ЗАДАЧИ, РЕШЕНИЯ И
ПЕРСПЕКТИВЫ
ЛИНГВИСТИКИ И
МЕДИЦИНСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ
КОНФЕРЕНЦИЯ**

Бухара, 10 ноября 2021 г.

© Tadqiqot.uz

“Soha lingvistikasi: tilshunoslik va tibbiyot integratsiyasining muammolari, yechimlari hamda istiqbollari” mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya materiallari.–Buxoro: Tadqiqot.uz, 2021.

Buxoro davlat universiteti O`zbekiston Respublikasi oliy va o`rta maxsus ta`lim vazirligi, O`zbekiston Respublikasi innovatsion rivojlanish vazirligi, O`zbekiston Respublikasi sog`liqni saqlash vazirligi, O`zbekiston Respublikasi tadqiqot.uz. markazi, Buxoro davlat universitetining Pedagogika instituti bilan hamkorlikda “Soha lingvistikasi: tilshunoslik va tibbiyot integratsiyasining muammolari, yechimlari hamda istiqbollari” mavzusida xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya o`tkazdi.

O`zbek, rus, ingliz tillaridagi mazkur konferensiya materiallarida tilshunoslikda til, shaxs, jamiyat munosabatlari tadqiqi muammolari va innovatsion g`oyalar tizimini shakllantirish istiqbollari; o`zbek tili tibbiyot leksikografiyasi va terminologiyasini rivojlantirish ijtimoiy zaruriyat; tibbiyot ta`limida lingvokulturologiya va psixolingvistikaning ahamiyati hamda dolzarbligi; tibbiy birliklarning lingvopoetik tadqiqi; amaliy filologiyani rivojlantirish kabi mavzular doirasida mulohaza yuritilgan.

Mas`ul muharrir

**filologiya fanlari doktori,
professor Abuzalova M.Q.**

Taqrizchilar

**filologiya fanlari nomzodi,
dotsent Nazarova S.A.**

**filologiya fanlari nomzodi,
dotsent G`aybullayeva N.I.**

**tibbiyot fanlari doktori (PhD),
dotsent Ixtiyarova G.A.**

**To`plovchi va nashrga
tayyorlovchi**

**pedagogika fanlari nomzodi,
professor Yuldasheva D.N.**

Mazkur to`plamga kiritilgan maqolalar va tezislarning mazmuni, statistik ma`lumotlar hamda bildirilgan fikr hamda mulohazalarga mualliflarning o`zlari mas`uldirlar.

© Buxoro, Tadqiqot.uz, 2021

Тилимизда шундай бирликлар борки, улар лингвокультурологик аҳамиятга эга; фақат ўзбек тилига хос. Ҳатто таржима луғатларида уларнинг муқобилини топиб бўлмайди. Буларда ижобий маъно ўзбек тилига хос одоб-ахлоқ меъёрига амал қилиш натижасида пайдо бўлган.

Аёллар шифокори амалиётида тиббиётга оид атамаларнинг қўлланилиши ходимнинг юксак касбий маҳоратга эгаллигини кўрсатувчи восита саналади. Масалан, уят аъзолар *жиддий аъзолар, нозик соҳалар, қориннинг настқи қисми, пешоб чиқариш канали* каби сўз бирикмалари билан алмаштирилса, ҳар бир сўзловчи мулоқоти ғилофланади.

Қизларимизга эса мактабда дарс жараёнларида устозлари томонидан, оилада ёши улуғ онахонларимиз томонидан, бундай пардаланган мулоқот жараёнлари шакллантириб борилса, уларни оилага, ҳаётга ўз мулойим сўзи орқали ўрнашишига туртки бўлинар эди. Гинеколог ҳузурида ҳам вояга етаётган қизлар ўзларида кузатилаётган биологик ва физиологик жараёнларни қай даражада, қай савияда етказиш кераклигини билиб олар эдилар.

Бу соҳада тилшунослар эса тиббий бирликларни луғат кўринишида тайёрлаб, мактаб ўқувчиларига тақдим қилсалар, мақсадга мувофиқ бўлар эди. Шифокор – киз, шифокор – аёл мулоқотида бир қатор ечилмаган саволлар ҳам ўз ечимини топар эди.

Адабиётлар:

1. Абу Али ибн Сино. Тиб қонунлари. Тошкент: А. Қодирий номидаги халқ мероси, 1993. Электрон китоб. Уч жилдли сайланма. 1-жилд. – 304 б.
2. Абу Али ибн Сино. Уржуза ёки 1326 байт тиббий ўғит. Тошкент: Абу Али ибн Сино, 1999. – 159 б.
3. Қосимов А., Холматов Х. Русча-ўзбекча-лотинча фармацевтик терминлар луғати. Тошкент: Ибн Сино нашриёти, 1990. – 128 б.
4. Қосимов А., Қосимова М. Инглизча-ўзбекча-русча, ўзбекча-инглизча-русча анатомик терминлар луғати. Тошкент: Меҳридарё, 2006. – 176 б.
5. Тиббиёт қомусий луғат. Ёлқин Тўрақулов муҳаррирлигида/ Тошкент: Қомуслар бош таҳририяти, 1994. – 288 б.

ПРОФЕССОР Қ.ЖЎБАНОВ ЕНБЕКТЕРИНДЕГІ СӨЗТАНЫМ НЕГІЗДЕРІ

(Қ.Жўбанов сөзтанамындағы лексикология мәселелері)

Мўратбек Бағила Қўрманбекқызы*

10.5281/zenodo.5685004

Annotation. The article describes the research of the scientist K. Zhubanov on lexicology. The problem of vocabulary, meaning, semasiology, and lexical and morphological units between Turkic languages in general are studied.

Keywords: *lexicology, semantics, dialectology, morphology, vocabulary, semantics.*

* Қ.Жўбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университети, ф.ғ.к., доцент

Профессор Қ.Жұбановтың сөзтанымға сәйкесетін ғылыми жазбаларымен таныса отырып, әр тақырыптағы зерттеулері арасынан кезінде қазақ ғылымының тілтаным бағытындағы ғылыми танымдық ойларын, терең сипатты тұжырымдарын, өзіндік дара көзқарасты қолтаңбасын түсірмеген саласы да болмағанына көз жеткіздік. Қазақ сөзтанымын зерттеу үшін алдымен осы ғылымның шаңырағын биіктетіп көтеруге, оның іргесін қымтауға, баға жетпес еңбегімен өлшеусіз үлесін қосып, ғұмырлық мол жазбаларын қалдырған зерттеуші ғалым, тілтаныммыздың алғашқы профессор, түркітанушысы, Құдайберген Қуанұлының лингвистикадағы мұрасы терең, құнды әрі ауқымды. Тіл білімі саласындағы сөз мағынасы, оның мағыналық топтары туралы бір саласы лексикология деп аталады [Миров, 2014: 64]. Лексикологияның өз ішіндегі түрлі топтары да ғалым қаламына арқау болғанын, сонымен қатар тілдің басқа салаларына байланысты зерттеулерінде де оның лексикологияға қатысты мәселелерге жол-жөнекей тоқталып, талдау жасағанына куә боламыз. Сондықтан қазақ тілі семасиологиясының қалыптасуына үлес қосқан ғалымдардың бірі ретінде Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі сөзтаным мәселесіне тоқтамай өте алмаймыз. Профессор Қуанұлының сөзтаным жөнінде жазған лексикологияға қатысты ойлары Жанғазыға хат деген атпен жазылған Қазақ тілінің емлесі мен грамматикасының кейбір мәселелері, «... жоғары курсынан дәрістер», «О формах сочетания слов в казахском языке», «Мағынасыз сөздердің мағынасы», т.б. мақалаларына сәуле шашқандай тереңнен белгі береді. Ол: «Семасиология – сөздердің мағынасы жайындағы ілім» екенін талдап түсіндіре келіп, семасиология мен лексика арасын да талдап, ол екеуі жақындығын көрсету үшін «лексика – сөздің денесі, семасиология – мағынасы» деген уәж айтады. «Грамматика даяр нәрсені қарамайды, ал лексика – даяр материал. Лексика етік, етікші сөздерінің қалай жасалғанын қарамайды. Сондықтан ол грамматикаға да кірмейді, тек даяр материалды ғана қарайды», – дейді [Жұбанов, 2019: 75]. Ғалым мұрасы ішіндегі тарихи семасиология проблемаларының сол кезеңде өзекті мәселе ретінде көтерілуінің жалпы ғылыми негізі мен қажеттілігін белгілейтін алғашқы нышандарының іздерін осы саладағы ізденістері мен ойларынан табамыз. Сөзде мағынаның лексикалық жағы біреу болады. Ол – сөздің түбір тұлғасы арқылы көрінеді. Ал грамматикалық жағынан мағына әр сөзде бірнеше түрде кездесетінін айтқан.

Лингвист ғалым мағынаны да ажырата қарап, *негізгі* және *грамматикалық* деп екі түрлі мағынаны алға тартады. Сөздің басты атау бағытын негіздік мағына, бұған бас деген мысал болса, осы сөздің бұдан басқа зат есімдік, жекелік, атаулық (септеусіз мағынасында), тәуелсіздік, болымдылық мағыналары болатынын айтқан.

Ғылыми аспектіде грамматикалық мағына болатынын ескерткен. Бұндағы негізгі мағына – сөздің лексикалық мағынасы болып табылады. Сөзтаным мен тілдің даму заңдылықтарын, өзгерістер, ішкі, сыртқы әсер ету факторлары туралы да түсіндірген. Ғалым талдау кезінде қоғам мен тіл байланысы да сөз арқылы танылатынын, осы ерекшеліктер сөзтанымға әсерін қарастыруға түрткі болған. Тіл жөніндегі талдауында оны шартты таңба ғана

болып табылатынын айтады. Белгілі ғалым Б.Хасанов өз мақаласында Қ. Жұбановтың зерттеулерінде жалпы тіл білімі деңгейіндегі ортақ тіл теориясы мәселелері қарастырылғанын айта келе, ғалымның жалпы және жеке тіл туралы, сөз, сөйлеу, ой, сөйлем жөніндегі пайымдаулары көрініс беретінін айтқан. Лексикологияны зерттеуші Қ. Жұбанов сөз адамдарға хабарласу үшін керек, ал ол оған жарамаса, сөз бола алмайтынын түсіндіреді. Бұл пайымдау сөзтанымдық жағынан маңызды болып табылады. Қазақ тілінің лексикалық қорын толықтырып, осы саланың өзегін танытатын, қазір белгісіз мағынадағы сөздерді зерттеп, ғасырлық тарихи жолы бар сөздердің мәнін ашу, этимологиясын анықтау, бұрынғы қалпын дәлелдеу, тұтынушы халықтың рухани және мәдени ерекшеліктерін бейнелей білетін өлі түбірлерді зерттеу сөзтанымды дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілші ғалымдары бір буынды түбірлер құрылымының бірнеше түрлері (V, VC, CV, CVC, CVCC) болатынын мойындап, соның ішінде түркі тілдерінің қазіргі дамуы кезеңінде CVC типіндегі (бітеу буын) түбірлердің қазақ тілінде де басымдылыққа ие екенін анықтады. Дегенмен, аталмыш түркі түбірлерінің тілдік табиғатында әлі де болса айқындалмаған, нақтыланбаған мәселелер баршылық.

Түркі түбірлерінің дамуына синхрондық аспектіде талдау жасап, анықтама беру оның тарихи табиғатын толыққанды анықтай алмайды. Сондай-ақ түбірлердің құрамдық элементтерге жіктелуі-жіктелмеуі туралы мәселені де шеше алмайды. Бір буынды түбірлерді былай болғанда қазіргі түркі тілдерінің біршама деректеріне ғана сүйеніп, негізгі және перифериялық лексиканы кең ауқымда қарастыруды ескере бермейтін жеке ғалымдардың тұжырымдамаларын қазіргі тілде айқын құрылымды деп саналатын екі және көпбуынды негізгі түбірлердің жіктелу-жіктелмеу мүмкіндіктерін анықтауда шешуші анықтама-тұжырым деп атауға болмайды. Осыған байланысты көрнекті түркітанушылардың өздері (В.Радлов, П.Мелиоранский т.б.) қазіргі түркі тілдеріндегі тек екі немесе үшбуынды түбірлер ғана емес, сондай-ақ бір буынды түбірлер де бір кезде жеке морфологиялық элементтер болып, кейінгі сан ғасырлық агглютинативтік даму кезеңдерінен өткен өнім ретінде өзінің бойында фонетикалық, морфологиялық, семантикалық заңдылықтарды сақтай отырып, тұтас бірлікке айналған, қазір құрамдас бөлшектерге жіктелмейтіндігін көрсеткен болатын. Сондықтан қазақ тіліндегі бір буынды ежелгі сөздердің мағынасын табу, өлі түбірлерді «сөйлету» мәселелерінің бастауында профессор Қ.Жұбановтың зерттеулері тұрған болса, оның сөз мағынасы, лексикология саласына да көп үлес қосқанын танытады. Атап өтетін болсақ, өз ана тіліміздегі түбірді сан ғасырлар бір қалыптан өзгертіп, жанаша қалыпқа эволюциялық өзгерткенін, тілдердің деректерін салыстырып, этимологиясын, үнем, флексия құбылыстары мәселелерін тексереді. Осыған орай, зерттеушілердің бірі ғалым С.Аманжолов жазған мақала бойынша ұят және ұял = түбірлеріндегі л және т флективті жағдайға сырттай ұқсас, ал болмысы жалғамалы тіл талабындай деп дәлелдегені белгілі [Жұбанов, 2019: 517]. Бастауында профессор Қ.Жұбанов дискурсы тұрған бір буынды ежелгі сөздердің мағынасын табу, өлі түбір ұғымының қазақ тілі деректері

негізіндегі мәселесін зерттеген: Ә.Т.Қайдаров, А.Ибатов, М.Томанов, К.Ш.Хұсайынов, Б.Сағындықұлы, Е.Қажыбеков, А.Салқынбай, Ж.Тектіғұл, М.Ескеева т.б. ғалымдардың еңбектерінің рөлі зор.

Түркі тілдеріндегі түбірлердің құрылымы мәселесі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлеріне де қатысты. Екі буынды императив етістіктер, бұның құрамындағы түрлі өлі түбірлер, мағынасы ұмыт болған дербес түбірлер туралы талдап, оны сөзтанымға керек деп есептеген. Қазіргі уақытта осындай императив тұлғалы етістіктердің кейбірінің бойындағы морфологиялық элементтердің жігі толық немесе жартылай болса, кейбірінің ізін мұқият зерттеу жолымен ғана қайта қалпына келтіруге болады. Қ. Жұбанов етіс тұлғаларында осындай кей етістіктердің өлі түбірге айналған деректері кездесетінін атап өтеді. Оған мысал ретінде «айт, қайт» етістіктерін алады. Ол айт құрамындағы –т өзгелік етістің жұрнағы, бұрын «Ол айды (Ол сөйледі)» түрінде келген, мұндағы -ды ұ болған, яғни ұ- болу деген сөз. Бұл бүгінде жойылған» деп көрсетеді [Жұбанов, 2019: 136]. «Қайт» түбірі де дәл осындай. «Қай» өлі түбірі «кейін» деген мағынаны білдірген. Ғалым Ә. Құрышжановтың М. Қашқари сөздігінен келтірілген мысалдары Қ.Жұбановтың «айт» түбіріне қатысты пікірінің дұрыстығын растайды. Ғалым Ж. Манкеева ескерткіштерде «ай»сөзінің жеке түбір сөз, әрі «айт» өзгелік етіс тұлғасында қолданылғандығына (Мысалы, 1. Білге тойуқуқ бана айды бусуқелт теді. 2. Тақы бір сөзүм бар айтғу саңа мысалдар келтіре отырып, -т қосымшасының ерте кездер ескерткіштерінде етіс мағынасында сақталып, қазіргі тілде сақталмауы «ай» түбірінің ертеде дербес етістік ретінде қызмет етіп, ал қазіргі тілде ол қасиетін жоғалтуымен түсіндіруге болатын сияқты» деп жазады [Манкеева, 2010: 85].

Ғалым сөз қызметіне байланысты тілдің затқа ат қою, бір-бірінен айыру туралы сөз қозғап, жылқы, түйе, қой, сиыр өз алдына мал аттары болса, ол атау-сигнификация, ат қою -номинация деп терминдерді атайды.

Зерттеу жұмысының бастауында профессор Қ.Жұбановтың зерттеулері тұрған түбір құрылымының тарихи-онтологиялық сипатын уақыт пен кеңістік контекстінде динамикалық категория ретінде қарастырудың қазіргі таңда жаңа көкжиегі анықталуда. Оның уәжін қазіргі түркі тілдерінің бірі қазақ тіліндегі екібуынды түбір – негіздердің (дисиллабтардың) құрамында тарихи кірігіп кеткен «өлі» түбірлерді, яғни моносиллабтарды жаңғырту талпынысымен түсіндіруге болады. Қазіргі сөзтанымда тіл бірліктерін терең зерделеу мәселесі мазмұн мен мағынаға мән беріп, сырт тұлға өзгерісі назардан тыс қалып жатады. Шын мәнінде, түркілік мәселелер, көнетүркілік сөз сипаты, гомогенді түбірлер, архитұлға, архисема мағынасын талдау керек болады. Түркітануда, әсіресе, қазақта мұндай кешенді сипаттағы зерттеулердің бар екені белгілі. Соның арасында моносиллабтар фоно-морфосемантикалық құрылымы, бастапқы сипатын анықтаған академик Ә.Қайдаровтың бір құрамды негіз-түбірлер құрылымы туралы еңбегінде, түбірлер архетиптік құрылымы, синкретті семантика, етістік-есімдік түбірлерді қарастырған Е.З.Қажыбековтің зерттеулерінде баяндалды. Осы бағыттағы зерттеулерде қарастырылатын моносиллабтар мен диссиллабтардың құрылымындағы архетиптерінің көрінісі көбінесе көнетүркі

ескерткіштері тілінд сақталған. Академик Ә.Қайдардың осы тектес түбірлердің фоно-морфо-семантикалық құрылымының архитұлғасын табуда ұсынған «індете зерттеу» әдісіне сәйкес Орхон, Енисей ескерткіштері моносиллабтары фоно-корреляттар негізі М.Ескееваның түбіртану зерттеуінде талданған [Ескеева, 2007: 5].

Түбірлердің өзгерісін бір жақты сипаттаумен шектелу мүмкін емес, себебі ол құбылыстар дамудың түркі тілдерінде орын алған нақты тарихи шарттарымен анықталады. Жоғарыда айтылған ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, түбірлер (қазақ тілінің түбірлері де) біздің қазіргі даму кезеңімізге семантикалық жағынан да, морфологиялық және фонетикалық жағынан да едәуір өзгерістерге ұшырап жеткен. Сондай-ақ түбірдің фонетикалық сыртқы пішіні ғана өзгеріп қоймаған, құрылымдық түрлерінің ерекше ара-қатынасы арқылы жаңа типті түбірлер пайда болып, ескілері жойылып кеткен. Түбірлердің фонетикалық өзгеруі тілдің белгілі бір тарихи сатыларымен тығыз байланысты. Мұндай жағдай әрбір түбірдің өзіне тән қалыптасу тарихының, өзгеру және даму жолдарының болғандығын дәлелдейді. Сан жағынан шектеулі жалаң құрылымды түбірлердің алғашқы құрамы бірте-бірте қоғамдық дамумен бірге соныланып, жетіліп отырған. Мұның өзі олардың құрамдарының алуан түрлі болып, семантикалық мағыналарының кеңеюіне және сөзжасамның тың морфологиялық тәсілдермен баюына әкеліп соққан.

Өлі түбірдің алғашқы құрамы жөніндегі түркітанушылардың көзқарастары екі айрылады. Белгілі ғалым Ж.О.Тектіғұлдың айтуынша: «өлі түбірлердің алғашқы (ДзДнДыДз) нұсқаларын қалпына келтіру үшін тілге палеонтологиялық барлау жасаудың қажеттілігі туралы Қ. Жұбанов теориясының маңызы өте зор. Ғалым осы палеонтологиялық әдіс негізінде сөздің ең түпкі түбірін тілдің тарихи дамуында жымдасып кеткен түрлі элементтерден аршып алуға болатынын көрсетеді. Оның үстіне бұл аталған әдістің тілшілер арасында талас тудырып жүрген: «ДзДы, ДыДз, ДзДыДз құрылымды түбірлердің қайсысы алғашқы, қайсысы туынды, әлде екеуі бір мезгілде қалыптасқан ба» деген сияқты сұрақтардың шешуін табуға да септігі тиері сөзсіз» [Тектіғұл, 2014: 188].

Алматы қаласында 1930-жылы болған республиканың бірінші Өлкетану құрылтайында Қ.Жұбанов жасаған «Мағынасыз сөздердің мағынасы» баяндамасында сөзтаным шарттарына қажет мәселелер ретінде шаруашылықтағы малға қатысты қолданылатын сөздерді зерттеген деректерін айтып, оны өзге тіл сөздерімен, басқа да деректермен салыстырып көрсетті. Осы саладағы мал және осы шаруаға тікелей қатысты сөздердің ерекшелігін, қолданыстық маңызы мен құрамының күрделілігі жөнінде баяндаған. Малға қарата айтылған сөздерді құрайтын элементтер негізі, оның бастапқы күйі, дербес ұғымды сөздер болғаны жөнінде талдап түсіндірген. Ғалым қазақ тілінде асыл мал тұқымы, соның ішінде еркек мал атаулары, шаруашылық атына сай сөздер төркіні тілдік терең талдаулар жасайды. Мағынаның тарылуы мағынаның кеңею заңына қарама-қарсы келеді. Ғалым Қ.Жұбанов ауызекі тілде тұрмыста қолданылатын «қатын» сөзі ханның әйеліне арналған атау, одан кейін уәзір әйелі, соңында

әйелдердің бәріне қарата айтылып кеткенін дәлелдейді. Ғалымның сөз түбіріне жүргізген талдауына қарап, сөзтаным дамуына үлесін тарихи жағынан да зерделеу маңызды екенін көрсетеді. Сөз семантикасы қазіргі кезеңде тек тілшілердің ғана емес, басқа мамандықтарға да керек екендігін көрсететін кешенді категория болып отыр. Сөз мағынасы – сөзтаным аясында зерттелетін категория, бірақ ол тілдің кез-келген дерегін пайдалана алатын, оның зерттеу салаларының бәріне де қатысы бар, бір салаға қамалып қалмайтын күрделі мәселелердің бірі. Сол үшін оны барлық деңгеймен байланыста жан-жақты талдау сөзтаным үшін тиімді болып тұр. Сөзтаным тіл мәдениеті деректерін де, стилистика жаңалықтарымен де ұштасады. Осы бағытта Қ.Жұбанов пәэзия саласындағы ұлы ақын А.Құнанбаев шығармаларын талдау жасауға қатысты оның қайтыс болуына 30 жыл болуына орай «Абай - қазақ әдебиетінің классигі» мақаласын 1934-жылы жариялағанын білеміз. Абай айтқан ойдың тереңін түсіндіріп, сөзтанымға құнды деректер қалдырған бұл мақаладағы ойлы айтылған тәрбиелік қағидалар әдеби тіл мен әдебиетті зерттеуге пайдасы мол дүние болса, сөзтаным арқылы пайымдауға да мол дерек береді. Сонымен бірге Қ.Жұбановтың бұл еңбегінен лексикология саласына қатысты мәселелерді де табуымызға болады. Ол айшықты сөз кестелері ретінде халықтық бейнелі тіркесімдердің мол кездесуі болып табылады. Мысалы, төмендегідей фразеологизмдер қолданылған: *Келелі кеңес – алқалы жиын, Кеуде би – бас билердің бірі, Қомсына бастау – көңілі толмау. Жауыр бейне – көп қолданылған, Азуын батыру – күш көрсету, Қыз ойнақ – жастардың ойын – сауығы, Қара шашы төгілу – қыз бұрымының тарқатылуы, Жан біту – бұрынғы құрысы қатып қалған күйінде тұрмайды, Біте қайнау – етене болу, сіңісу, Жүрегі таза – кінәдан пәк, адал, Мерт болу – өлу, опат болу, Жазмыштың ұйғарымы – «жазмыштан озымыш жоқ», Тасып төгілу – арнасынан асу, Мезгіл бірлігі – философиялық категория, Қошқар мүйіз – ою – өрнек, Сыбаға қалдыру – үлес беру, Тақырлап кетпеу – барға қанағат қылу, Көзі шалу, Аузы бара салу – қаймықпай айта салу, Арам тер – бос еңбек, Мініп-мініп жауыр қылу – көп қолданылған, ерқашты болған, Аман кету – байхабар кету, белшесінен кешу – мазмұнға бойлау; Ырза болу – қанағаттану; Бой көрсету – көрініс беру Сыдыртып өте шығу – ат-үсті шолып өту, Құрғақ сөз – бос сөз, Сорайып көріну – ұзын, бойшаң нәрсе немесе адамның өңгеден өзге болып, алыстан « мен мұдалап » тұратыны, Бойын жасыру – бой тасалау, сырт көзге бірден байқалмауы, сияқты т.б. халық тілінде әбден тұрақтасқан бейнелі қолданыстарға жаңаша мән-мағына теліп, айтылмақ ойдың негізгі арқауы етіп қолданады [Жұбанов, 1999: 250].*

Қ.Жұбановтың «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» деген мақаласынан лексикология саласына қатысты мәселелерді табуымызға болады. Ол айшықты сөз кестелері ретіндегі халықтық бейнелі тіркесімдердің мол кездесуі . Мысалы, төмендегідей фразеологизмдер қолданылған: *Келелі кеңес – алқалы жиын, Кеуде би – бас билердің бірі, Қомсына бастау – көңілі толмау. Жауыр бейне – көп қолданылған, Азуын батыру – күш көрсету, Қыз ойнақ – жастардың ойын – сауығы, Қара шашы төгілу – қыз бұрымының тарқатылуы, сияқты т.б. халық тілінде әбден*

тұрақтасқан бейнелі қолданыстарға жаңаша мән-мағына теліп, айтылмақ ойдың негізгі арқауы етіп қолданады.

«Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі мәселелері» деген мақаласында ғалым А.Ә. Иманғазина Қ.Жұбановтың тарихи лексикологияға қатысты ойларына талдау жасай келіп: «Ғалым мұрасы ішіндегі тарихи семасиология проблемаларының сол кезеңде өзекті мәселе ретінде көтерілуінің жалпы ғылыми негізі мен қажеттілігін белгілейтін алғашқы нышандарының іздерін ғалым Қ.Жұбановтың осы саладағы ізденістері мен ойларынан табамыз. Оларда айтылған жеке, нақты тілдік деректердің тарихына байланысты ойлары мен тұжырымдарының арасында, біздің ойымызша, тарихи да, танымдық та сабақтастық бар. Қазақ тілінің тарихына, қалыптасу кезеңіне қатысты айтылған өміршең пікірлері қазіргі зерттеулерде көрініс табуда. Қазақ тілі семасиологиясының қалыптасуына үлес қосқан ғалымдардың бірі – Қ.Жұбанов», - дейді [Иманғазина 2017: 148]. Жалпы лингвист тұлға Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын зерттеу барысында оның ғылыми дискурсындағы қазақ тілінің лексикологиясы мәселелері кейінгі ғылым дамуымен сабақтастығын танытып отыр [Бектұров, 2006: 9].

Қ.Жұбановтың сөзтанымдық ізденісінде оның диалектологияға қатысты көзқарастарына да назар аударған жөн. Ол сөз қолданыстарының ерекшеліктері мен әр өңірдегі айтылымдарды тілге тиек ете отырып, барлық елдің тарихында да диалектісіз тіл болмағанын, халық тілі деген диалектілер екенін дәлелдеп жазды. Жалпы диалектология ғылымы сөзтаным мәселесінде маңызды мәні бар, белгілі бір тілдегі диалектілік, жергілікті тілдік ерекшеліктерді зерттейтін тіл ғылымының сүбелі бір саласы ретінде қарастырылады. Қандай да тілдің өз ішіндегі диалектілік ерекшеліктерді жинап, зерттеп, қарастырудың мәні зор. Жергілікті тіл ерекшеліктері ретінде танитын әр аймақ, әр өңірдегі бір мағынадағы сөздердің әртүрлі құрылымда қолданылуы да сөзтанымда ескерілетін маңызды деректер болып табылады. Сөздің құрамы, сөз байлықтары, олардың алуан түрлі тарихи тіл сарқыншақтары, тіпті көнедегі тайпалық тілдердің де іздері болады. Сөзтаным талабы бойынша диалектілердің де қоғамда, ғылымда да орны ерекше болатынын, тілімізде әр өңірде әртүрлі айтылып жүрген, бір жерде болса, екінші бір жерлерде айтылмайтын сөздер де бар екенін, сондықтан тілімізде қалыптасып, әдеби тілдің негізі қалануына, сөздік қорымыздың баюына әр өңірде әртүрлі ерекшелігімен қолданылатын диалектілердің де тарихи тұрғыда байланысы бар екенін ескеру керек. Осы мәселелерді тереңтүсіне білген, халық тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің яғни диалектизмдердің тіл біліміндегі орнын анықтай білген ғұлама ғалым Қ.Жұбанов та тіліміздегі диалектілік құбылстардың пайда болу жолдарын алғашқылардың бірі болып түсіндірген еді.

Сөзтанымдық тұрғыда ғалым Қ.Жұбановтың қазақ тіліндегі сөздердің ерекшелігін тану мақсатында диалектілер мәселесі жөнінде айтқан пікірлерінің маңызы зор. Ол диалектология туралы арнайы зерттемесе де, осы мәселеге қатысты өзінің ғылыми ой-тұжырымдарын білдіріп, диалектінің барлық тілде кездесетінін көрсетіп, осы ойларын өз еңбектерінде ғылыми тұрғыда айтып кеткен. Сөзтаным тарихы үшін

ерекше мақаласы «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» жөніндегі талдауында диалект туралы: «...бұрын диалектілік жоқ деп келген қазақ тілінде болар – болмас жарқыншақ барын енді-енді сезіп жүрміз...» деп, «диалектілік», «жарқыншақ» деп сөздің диалекті түрлері туралы мәлімет береді. Оның еңбектерінің өн бойында сөздің қолданыс ерекшелігі, елдің әр өңірінде кездесетін сөз саптау түрі, сөздің бірнеше нұсқасы болатыны жөнінде, әртүрлі диалектілік сөз тұлғаларының бар екені туралы ойлары көрініс беріп отырады. Қазақ сөздерінің қарым-қатынасқа түсіп, қолданыс кезінде түрленіп, сөйлем ішіндегі орналасу ыңғайын тарихи тұрғыдан қарастыра отырып, «сұрау», «қыстау» сөз тұлғаларының қазақ жерінің басқа өңіріндегі «сұрақ», «қыстак» деген балама қолданыстарына назар аударып, мұндай сөз тұлғасының түскей атырабына тән екенін айтады [2.394]. Қ.Жұбанов әртүрлі аймақтағы сөйлеу машығын көрсетіп, олардың таралу шегі изоглосы (географиясы) туралы талдап кетпесе де, сөзтанымдық жағына назар аудара отырып, «үйге шейін», «ертеңге шейін» дегендермен айтылатын, әдеби, жалпыхалықтық сипат алған «шейін» шылауын солтүстік облыстың халықтары «шекейін» түрінде қолданатынын, бұл жерде «й», «к» дауыссыздарының өзара сәйкесім тауып отырған төркіндес дыбыстар екендігін айтады [Жұбанов, 2019: 422].

Профессор Қ.Жұбанов «Лекцияларында» деген дәрістерінде қазақ тіліндегі диалект туралы өзгелердің көзқарасына төмендегідей пікір айтады: «Радловтар, оған еріп Мелиоранскийлер сөз басындағы «е» -ні «йе» түрінде айтатын да ел бар деген; «е» -ні де, «йе»-ні де айтатын қазақ. Радловша, Орынбор жағының қазағы «йе» дейді екен (ол Семейден Алматыға келген). В.Радлов «қазақта диалект жоқ, жеке адамдардың сөзінде ғана өзгешілік бар» деген. П.Мелиоранский бұған ерген», - дей келіп, диалект жоқ деуші қазақ зиялыларына қатты қынжылыс білдіреді. Содан әрі бір адамның өзі бірде «бармадым», бірде «барғам жоқ», тағы бірде «барған емеспін» түрінде сөйлеуі мүмкін екенін айта отырып, «бұларды диалект деу, меніңше, дұрыс болмаса керек, мұның әрқайсысының арнаулы формасы болғаны сияқты, арнаулы мағынасы да болуы керек», - деп жазды. Сөзтанымға қатысты дерек ретінде ғалымның мына пікіріне де назар аударған жөн: «Бірге жасасқан ел бір-бірінен тіл алмай тұрмайды. Сондықтан монғолда «темір», «алдан» деп сөйлесе, қазақта «темір», «алтын» деп сөйлейді. Марр көрші халықтардың бір-бірінен тіл алып қана қоймайтын, олардың ортақ сөздері де болатынын айтқан. Қазақ пен монғол «темір» мен «алтынды» соны тапқан елден алған, ол заманда қазақ, монғол деген ел де болмаған, аралас жүрген халық болған» [Жұбанов, 2019: 109]. Ғалымның бұл тезис түріндегі дәрістерінен диалекті туралы анық талдау жасап, түбегейлі танымай тұрып, сөзтанымдық тұжырым жасаудың дұрыс еместігіне көз жеткізе түсеміз.

Тілтанымды оқытуға арналған «Қазақ тілінің жоғарғы курсы» тезис түріндегі дәрістер жинағының «Диалектология» деп аталатын бөлімінде диалекті мен елдің, халықтың жиған сөздерінің қатысы жөнінен баяндап, диалект сөздер жинағын жазып, диалектілік құбылыстарды фонетика, лексика, морфология, синтаксис деп төрт салаға бөліп, олардың әрбіреулеріне мысалдар келтіре келіп, «диалекті», «говор», «наречие» деген

терминдерге түсініктер береді. Ол диалектология мәселесін арнайы қарастырмаса да, диалектизмдер жөнінде кәсіби деңгейде пікір айтып, сөзтанымдық жағынан диалектіні де жете қарастырып кеткен. Профессор Қ.Жұбанов тілдің тарихы, диалектология мәселелері туралы өзіне дейін айтылған белгілі ғалымдардың пікірлермен таныс болған. Ол сөздің құрылымының ерекшеліктері мен мағыналары туралы, олардың диалектологиямен арақатысы туралы айта келіп: «Радловтар, оған еріп Мелиоранскийлер сөз басындағы «е» -ні «йе» түрінде айтатын да ел бар деген; «е» -ні де, «йе»-ні де айтатын қазақ. Радловша, Орынбор жағының қазағы «йе» дейді екен (ол Семейден Алматыға келген). Радлов «қазақта диалект жоқ, жеке адамдардың сөзінде ғана өзгешілік бар» деген. Мелиоранский бұған ерген», - деп, «қазақ тілінде диалект жоқ» деушілердің пікірінің дұрыс еместігін айтып, «Бір адамның өзі бірде «бармадым», бірде «барғам жоқ», тағы бірде «барған емеспін» түрінде сөйлеуі мүмкін екенін айта отырып, «бұларды диалект деу, меніңше, дұрыс болмаса керек, мұның әрқайсысының арнаулы формасы болғаны сияқты, арнаулы мағынасы да болуы керек», - деп жазды [Жұбанов, 2019: 109]. Осы үзіндіде сөздің сөйлеу ағынында әртүрлі формасы болатынын, олардың өзіндік қолданыстары мен жергілікті қолданыстар арасындағы айырманы да ажырата білуді, яғни сөзтаным талаптары тілдік бірліктердің қызметтерін дәл тани білуді қажет ететінін аңғартады.

Сөзтаным аясында тілдің тарихына терең талдау жасап, қазақ сөзінің қалыптасуы, даму жолдарына жан-жақты барлау жасаған ғалымдардың бірі Қ.Жұбанов еді. Қазақ тіліндегі сөзтаным мәселесінде алғашқы кезекте сөздің тарихи қалыптасуы мен қолданысына назар аударған ғалым фонетика тарихы, сөйлемдегі сөздердің тарихи орны, олардың тіркесу тәртіптері жөнінде орыс тілінде жазған мақалаларында сөздің формасы, тіркесуі мен орын тәртібінің де сөзтаным үшін маңыздылығын терең қарастырғанын байқаймыз. Қ.Жұбановтың сөзтанымдық көзқарастарына пікір айту үшін оның сөз таптарының генеологиясын ғылыми тұрғыдан тану үшін синкретті түбірлер табиғатына тереңірек үңіліп, қазақ тіліндегі сөздердің тарихи қалыптасуына түсінік бере отырып, есім мен етістіктің қайсысы алғашқы болды деген көзқарасқа жауап іздейді. Сөз таптары мен синкретті түбірлер ерекшелігін көрсету барысында қазақ тіліндегі есім мен етістік сөздерді талдауға ала отырып, олардың қайсысы алғашқы деген түсініктерге де өз көзқарасын білдірген. Синкретті түбірлердің қазақ тіліндегі сақталған көне іздерін көрсетіп, олардың есім мен етістік сөздер жасау жолдарын, екі сөз табына бөліну ерекшеліктерін сөз етіп, олардың даму жолы, пайда болған уақыты жөніндегі түсініктерді алға тартады. Сөз таптары мен синкретті түбірлер ерекшелігін талдап түсіндіруші лингвистер пікірлері әртүрлі болып, бірнеше қарама-қарсы топқа бөлінеді. Синкретті түбірлерді сөз етушілердің бірі есім сөздер алғашқы, олар бұрын пайда болған, етістіктен көне десе, екінші топтағылар етістіктер тіл дамуының алғашқы кезеңінде сөз таптарын қалыптастырған деп түсіндірген.

Қорытындылай келе, сөзтаным мәселесінде екі көзқарасты терең танымай тұрып, «есім мен етістік бір мезгілде пайда болған» деп нақты

тўжырым жасау да оңай емес. Қ.Жұбановтың сөзтанымдық көзқарасын талдау барысында оның еңбектерінде қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы саласындағы категориялардың барлығы да қарастырылмаса да, осы саланың басты нысаны семасиология, ономасиология, арнаулы сөздер, кәсіби сөздер, кірме сөздер, көнерген сөздер, т.б. мәселелері жөнінде алғашқы ой-толғамдары берілгенін атап көрсетеміз.

Әдебиет тізімі:

- 1.Миров М.О. Қ.Жұбановтың лингвистикалық танымдары. – Ақтөбе, 2014. - 200 б.
- 2 Жұбанов Қ. Шығармаларының толық жинағы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. - 584 б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту.- Алматы:Арыс, 2010.-325 б.
- 4.Ескеева М. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері және қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтардың құрылымдық ерекшеліктері: Докт.дисс.автореф.. Алматы, 2007. -58 б.
5. Тектіғұл Ж.О. Қ.Жұбанов қазақ тіліндегі өлі түбірлердің морфологиялық сипаты жайында// «Жұбанов тағылымы-VIII: Қазақстан түркі өркениеті мен тарихы тоғысында» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе, 2014.-186-188 б.
- 6.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581 б.
7. Иманғазина А.Ә. Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл білімі мәселелері // «Жұбанов тағылымы-IX» дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция материалдары. –Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ, 2017.-146-149 б.
- 8.Бектұров Ш.К Қазақ тілі. Лексика, фонетика, морфология, синтаксис. - Алматы: Атамұра, 2006. -336 б.

Tilshunoslik va tibbiyot integratsiyasi (AQSHdagi ayrim universitetlar misolida)

Adilova Saodat Abdurahimovna*

10.5281/zenodo.5685022

Resume. The article discusses the issues of integrating linguistics and medicine while teaching Uzbek in some US universities. The information about special language courses for medical professionals is also given in this article.

Keywords: *integration, linguistics, medicine, Uzbek language, terminology, euphemism, equivalent*

O‘zbek tilining xalqimiz ijtimoiy hayotidagi va dunyo miqyosidagi nufuzini oshirishga qaratilayotgan e’tibor, tilimizning qo‘llanilish ko‘lamini yanada kengaytirish yo‘lida amalga oshirilayotgan ishlar mutaxassislar oldiga yangidan-

* Nizomiy nomidagi Toshkent davlat pedagogika universiteti Umumiy tilshunoslik kafedrasi dotsenti, pedagogika fanlari nomzodi, AQSH Arizona davlat universiteti Kritik tillar instituti dotsenti.
saodat.adilova@gmail.com

МУНДАРИЖА

Rasmiy ochilish. Tabriklar		
<i>Hamidov O.H.</i>	<i>Rasmiy ochilish</i>	6
<i>Inoyatov A.Sh.</i>	<i>Tibbiyot va til mushtarakligi</i>	8
<i>Daminov M.I.</i>	<i>Til va madaniyat</i>	9
<i>Qahhorov O.S.</i>	<i>Davlat tili - millatning tirik nafas</i>	10
<i>Xuseynova A.A.</i>	<i>Soha lingvistikasini rivojlantirish – davr talabi</i>	11
<i>Aslonova E.S.</i>	<i>Государственный язык – неотъемлемая часть духовной национальной культуры государства</i>	12
Yalpi majlis ma’ruzalari		
<i>Mengliyev B.R.</i>	<i>Tilshunoslik samara bersin.</i>	15
<i>Abuzalova M.Q.</i>	<i>Lingvistika va tibbiyot hamkorligi ijtimoiy zarurat sifatida</i>	17
<i>Чудакова В.П.</i>	<i>Психология пациента и этика врача</i>	22
<i>Ixtiyarova G.A.</i>	<i>Ginekologik kasallikni ifodalovchi tibbiy terminlar talqini</i>	25
<i>Мўратбек В.Қ.</i>	<i>Professor Q.Jўbanov уеңбектериндеги сөзтаңым negizderi (Q.Jўbanov сөзтаңымындаг ‘ы leksikologiya мәseleleri)</i>	27
<i>Adilova S.A.</i>	<i>Tilshunoslik va tibbiyot integratsiyasi (AQSHdagi ayrim universitetlar misolida)</i>	36
<i>Rajabov D.Z.</i>	<i>O‘zbek tilini tadqiq etishda yangicha yondashuvlar</i>	40
1-sho‘ba. Tilshunoslikda til, shaxs, jamiyat munosabatlari tadqiqi muammolari va innovatsion g‘oyalar tizimini shakllantirish istiqbollari		
<i>Ahmedov B.Y.</i>	<i>Rus va o‘zbek tillarida so‘zlarning o‘zaro tobe bog‘lanishi: boshqaruv kategoriyasi</i>	42
<i>Akhmedov A.R. Po‘latova S.M.</i>	<i>O‘zbek shevalarini lingvo-geografik xaritalashtirish</i>	46
<i>Adizova N.I.</i>	<i>Leksik birliklarning milliy o‘zlik ruhini ifodalashdagi roli (Erkin Vohidov dostonlari asosida)</i>	50
<i>Elova D.Q.</i>	<i>O‘zbek tili milliy korpusi uchun so‘zlashuv uslubiga xos so‘zlarni teglash masalasig oid</i>	55
<i>Fayazova D.S.</i>	<i>Methodological approach in teaching process</i>	61
<i>Fayazova D.S. Shirinboyeva B.M.</i>	<i>Empowering languageskills through modern methods</i>	65
<i>Jo‘rayeva D.R. Qo‘shayeva N.E.</i>	<i>O‘quvchilar va aholi imloviy savodxonligini rivojlantirishning dolzarb masalalari</i>	68
<i>Kurbonov A.M.</i>	<i>Tasks of effective use of the uzbek language</i>	71
<i>Mengliyev B.R. Hamroyeva Sh.M. Elova D.Q.</i>	<i>Qirg‘iz va yoqut tili avtomatik morfoligik tahlil vositalari tajribasidan</i>	75
<i>Muxtorov E.M.</i>	<i>Vrach kasbiy mahorati tuzilmasida kommunikativ kompetentlikning o‘rni</i>	79
<i>Мўратбек Б.Қ. Саламат Э.С.</i>	<i>Этнолингвистика – этностық болмысты ұлттық тіл арқылы таңым білу(Аймақтық лексика негізінде). Ethnolinguistics- knowledge of ethnic identity through the national language (based on regional vocabulary).</i>	84
<i>Orifjonova F. Orifjonova M.</i>	<i>Critically discussing student teachers' ideas</i>	88

<i>Ortiqova G. H.</i>	<i>Harakat tarzi shakllari va nutq</i>	93
<i>Saduaqas N.A.</i> <i>Ibragimov T.A.</i>	<i>Qazaq tilindegi dybyys saykestigi turaly</i>	97
<i>Sayfullayeva R.R.</i> <i>Abuzalova M.Q.</i>	<i>Til – millat ma'naviyati va madaniyati takomilining bosh masalasi</i>	102
<i>Tosheva D.A.</i>	<i>The use of examples of folklore in the description of the person</i>	104
<i>To'yeva Z.N.</i>	<i>Bayon –o'quvchining yozma nutqini tartibga solish vositasi</i>	111
<i>Salomova M.Z.</i>	<i>The role of teaching speaking through technology</i>	116
<i>Shoimqulova M.Sh.</i>	<i>The integration of technology into language teaching</i>	121
<i>Sharipova F. N.</i>	<i>Integrating technology in teaching listening skills</i>	125
2-sho'ba. O'zbek tili tibbiyot leksikografiyasi va terminologiyasini rivojlantirish ijtimoiy zaruriyat sifatida		
<i>Nazarova S. A.</i>	<i>So'z birikmasi – tibbiy atamalar “bunyodkori”</i>	131
<i>Nazarova D.G.</i>	<i>Lexicographic problems of the uzbek language</i>	136
<i>Rajabov D.Z.</i>	<i>Tibbiy birliklarning elektron lug'atlari xususida</i>	139
<i>Sobirova D.R.</i>	<i>Qisqalik – samarali tibbiy reklama yaratishning muhim omili</i>	141
<i>Toirov G.I.</i>	<i>Shifokor nutqining lingvistik xususiyatlari</i>	146
<i>To'rayeva Sh.</i>	<i>So'z birikmasi tibbiy terminlar tizimida</i>	150
<i>Xamidova G.Y.</i>	<i>Особенности преподавания медицинской терминологии на уроках русского языка как иностранного</i>	153
<i>Xojiyeva M. Y.</i>	<i>Shaxsni tavsiflovchi so'z birikmalarining tibbiyotda qo'llanilishi</i>	157
<i>Yokubova Sh. Y.</i>	<i>Tibbiy matnlarda obyektli birikmalarning voqelanishi</i>	161
<i>Yuldasheva D.N.</i> <i>Chullieva G.T.</i>	<i>Тонина и тон звука как медицинский эфемизм</i>	164
<i>Navro'zova M.G'.</i>	<i>Tibbiy birliklar tadqiqi</i>	172
3-sho'ba. Tibbiyot ta'limida lingvokulturologiya va psixolingvistikaning ahamiyati hamda dolzarbligi		
<i>Ahmadova U.Sh.</i> <i>Bozorova G.Z.</i> <i>Mirjonov N.N.</i>	<i>Tibbiyot sohasida perifrazarlar</i>	174
<i>Абдуллина А.Б.</i>	<i>Мұқағали Мақатаев әңгімелеріндегі психологизм</i> <i>Psychologism in the stories of mukagali Makatayev</i>	179
<i>Adizova Nigora</i> <i>Adizova Nodira</i>	<i>Alisher Navoiyning tibbiy qarashlari</i>	182
<i>Gafurova N.T.</i> <i>Hikmatov N.I.</i>	<i>Значение языка в развитии высшего образования</i>	185
<i>G'aybullayeva N.I.</i>	<i>Tibbiy lingvistik birliklar platformasining amaliy ahamiyati</i>	190
<i>Hayitov Sh.A.</i>	<i>Alisher Navoiy tib ilmi va tabiqlar haqida</i>	195
<i>Haydarova N.A.</i>	<i>The importance of metaphors usage in medical discourse</i>	200
<i>Jumayeva M.</i>	<i>O'zbek xalq maqollarida tibbiy birliklarning qo'llanilishi</i>	204
<i>Kobilova F.T.</i>	<i>The problems of research on methods of foreign filology teaching with innovative approach</i>	207
<i>Raximov M. M.</i>	<i>Linguotherapy as the method of treatment</i>	211
<i>Xalikova M.X.</i> <i>Teshayeva M.Sh.</i>	<i>Shoshiyning tibbiyot ilmiga bag'ishlangan “qonuni bositiy” asarida mavjud ayrim tibbiy atamalarning lingvistik tahlili</i>	214
<i>Niyozova M.F.</i>	<i>Davriy nashrlarda tibbiyotga oid tasviriy vositalarning</i>	218

	<i>qo'llanilishi</i>	
4-sho'ba. Tibbiy birliklarning lingvopoetik tadqiqi		
<i>Yusupova D.Y.</i>	<i>Tilshunoslikda evfemizm hodisasi talqini (H.Xudoyberdiyeva she'rlari asosida)</i>	222
<i>Қалиев Е.М.</i>	<i>«Ант» драмалық дастанының тарихи және фольклорлық негізі Historical and folklore basis of the dramatic saga "The Oath"</i>	228
<i>Yuldasheva M.M.</i>	<i>Tibbiy pedagogik yo'nalish talabalarida milliy an'analar asosida bag'rikenglikni rivojlantirish</i>	232
5-sho'ba. Amaliy filologiyani rivojlantirish - davr talabi		
<i>Ashurbayeva R.Q.</i>	<i>Yosh avlodda tibbiy madaniyatni rivojlantirishda ona tili fanining ahamiyati</i>	237
<i>Istamova S. I.</i>	<i>Taqlid so'zlarning tibbiyotda qo'llanilishi</i>	241
<i>Qobilova A.B.</i>	<i>O'zbek va ingliz tili tibbiy perifrazarining kognitiv-morfologik xususiyatlari</i>	245
<i>Toshtemirova S.</i>	<i>Tibbiyot lingvistikasi: vujudga kelishi, dolzarbligi, maqsad va vazifalari</i>	248